**3 жастағы балалармен тәрбиеші жұмыс істеуіне логопед ұсынымдары**

| Бөлім | Ұсынылған ойындар мен жаттығулар |
|---|---|
| Дем алуды дамыту | 1. Жапырақтан жәндікті үрле.<br>Мақсатты бағытталған дем шығаруды қалыптастыру.<br>2. «Аэробол»<br>Аэробол тренажерімен жұмыс.<br>3. «Жапырақтардың түсіуі».<br>Түтікше көмегімен жапырақтарға үрлеу.<br>4. Футбол.<br>Мақта шарикті немесе пинг-понгтың шаригін қақпаға кіргізу.<br>5. Шарики.<br>Ауа шаригіне үрлеу.<br>6. Сабын көбігі.<br>7. Ыстық шай.<br>Бағытталған дем шығаруды қалыптастыру.<br>8. Шарик.<br>Жаққа ауаны алу және шығару.<br>9. «Боран». Бутылкамен жұмыс. |
| Қолдың ұсақ моторикасын дамыту | 1.Қатты және жұмсақ ойыншықтарды сипау.<br>2. «Ойнайық».<br>Қол үстел үстінде, кезектеп саусақтарды көтеру, кішкентайдан үлкенге.Пианиномен ойнаған сияқты.<br>3. «Ағаш қуыршақты, пирамиданы жинау».<br>Көлеміне қарай жинау.<br>4. «Тырнақтар» жаттығуы.<br>Саусақтарды қатты, жартылай бүгу және жазу, бірінші сол, оң және бір уақытта.<br>5. Қысқыштармен ойын.<br>6. «Сиқырлы қапшық».<br>Затты сипаттап табу. |
| Импрессивті сөйлеуді дамыту | 1.«Мен атағанды көрсет» .<br>Балалар көрсетілген ойыншықты, дене мүшелерінің атауларын есте сақтайды.<br>2. «Осындайды тап».<br>Суретте көрсетілген затты айналадан табады.<br>3. «Айна».<br>Ересектердің көрсеткенін немесе схемада көрсетілген іс-әрекетті орындайды.<br>4. «Ақырын-қатты».<br>Түсінікті қалыптастыруға дыбыс шығаратын ойыншықтармен ойын.<br>5. «Қайда жатыр?». |

| | |
|---|---|
| | Заттардың кеңістікте орналасуымен таңыстыру:үстел үстінде, шкафта, үстел ішінде,т.б.<br>6. «Не істейді?».<br>Балалар сюжеттік суреттермен жұмыс істейді. Бірінші педагог балалармен велосипед тепкенін көрсетуін сұрайды, қыз гүлге су құйғаның, мысық ұйқтағанын, иттін жүгіргенін, т.б. Сосын кім тұр, кім отырғанын балалардан сұрау.<br>7. «Кімнің өлеңі, табу».<br>Дыбыс еліктеуге ойындар.<br>8. «Қандай жануарлар екенін тап».<br>Тәрбиеші берілген жануарларға өзіне тән іс-әрекеттерді атайды, балалар қандай жануарлар туралы айтылғанын табу керек.<br>Мәулайды, тырнайды, жалайды - бұл не?<br>Үреді, тістейді, күзетеді – бұл не?<br>Ұшады, ызылдайды, шағып алады – бұл не?<br>9. «Кім қалай қимылдайды?».<br>Сөздікті етістіктермен молайту. Педагог жануарлар суреттерін көрсетеді. Балалар олардың қимылын тауып айтады: жылқы – шабады, жылан –жорғалайды, бақа – секіреді, т.б. |

Логопед: Шаймерденова А.А.